

**Қазақ тілі 2023 - 2024 оқу жылына арналған  
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы **ЖШС "ЛИМПОПО" балабақшасы**

Топ: «**Фиксики**» ересек топ

Балалардың жасы: **4 жас.**

Жоспардың құрылу кезеңі: ақпан айы, 2023-2024 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Қазақ тілі	<p>- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>- Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту;</p> <p>- баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды құрдастарымен талқылау;</p> <p>- балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты дамыту.</p> <p>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.</p> <p><b>Тілдік дамытушы орта.</b></p> <p>Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге, бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға, түрлі балалар</p>

әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу.

**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**

Қазақ тіліне тән ө, і, ү, ұ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.

**Сөздік қор.**

Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің ісәрекетіне өз ойын білдіруге баулу.

**Тілдің грамматикалық құрылымы.**

Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету. Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету, үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.

**Байланыстырып сөйлеу.**

Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.